

2024 жылғы қаңтар-тамыздағы машина жасау саласы

ҚР машина жасау өнімін **өндіру көлемі** 2024 жылдың 8 айында 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ақшалай мәнде 4,1%-ға өсіп, шамамен 2,7 трлн теңгені құрады.

Машина жасау өнімінің **НКИ** 2024 жылғы қаңтар-тамыз айларында өткен жылдың қаңтар-тамыз айларына 104,3% құрады. Сала секторлары бөлінісінде нақты көлем индексінің мынадай көрсеткіштеріне қол жеткізілді:

Электр жабдықтары өндірісінің НКИ (114,8%),

Өзге де көлік құралдары өндірісінің НКИ (176,7%),

Компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндірісінің НКИ (229,1%),

Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісінің НКИ (98,6%),

Автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер өндірісінің НКИ (86,2%).

Машина жасау өнімінің **экспорты** 2024 жылғы қаңтар-шілдеде 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ақшалай мәнде 12,7% - ға азайып, **2 265 млн. АҚШ долларын** құрады.

Осы кезеңдегі экспорттың негізгі елдері: Ресей (46%), Ирландия (15,9%),
Өзбекстан (5,6%), Қырғызстан (5,2%), Түркия (4,7%).

Машина жасау өнімінің **импорты** 2024 жылғы қаңтар-шілдеде 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ақшалай мәнде 11,5%-ға төмендеп, **13 723 млн. АҚШ долларын** құрады. Импорт құрылымында негізгі үлес ұшақтарға (7,2%), смартфондарға (4,7%), қозғалтқыш көлемі 1501-ден 3000 см-ге дейінгі жеңіл автомобильдерге (4,6%), моторлы көлік құралдарына арналған шанақтарға (3,9%) тиесілі.


Қазақстанға машина жасау өнімдерін жеткізуші негізгі елдер: Қытай (34,1%), Ресей (12,2%), Германия (6,5%), АҚШ (6,4%), Корея (6,3%).

Сала еліміздің солтүстік және орталық өңірлерінде (Қостанай облысы, Астана қаласы, Қарағанды, Ақмола, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары), сондай-ақ Алматы қаласында жоғары **аумақтық шоғырлануымен** ерекшеленеді.

МАШИНОСТРОЕНИЕ январь-август 2024 г.

2 684,5 МЛРД ТГ.

104,3% ИФО



- производство компьютеров, электронного и оптического оборудования
- производство электрического оборудования
- производство машин и оборудования, не включенных в другие группировки
- производство автомобилей, прицепов и полуприцепов
- производство прочих транспортных средств
- ремонт и установка машин и оборудования

\$2 265 МЛН



ЭКСПОРТ



РЫНОК

\$13 723 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июль 2024 г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-АВГУСТ 2024 Г., МЛРД ТЕНГЕ

